




ЖАДЫНАМА

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БЕЙТАНЫС АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ



- ✓ Балаңыз бөтен, оның ішінде әлеуметтік желілердегі бейтаныс адамдардан қауіп сезінсе, оған **«ЖОҚ»** деп айтуды үйретіңіз. Сондай-ақ олардан тәттілерді, ойыншықтарды, үй жануарларын және т. б. алмауға.
- ✓ Бала үшін құпия сөзді ойлап тауып, бейтаныс адамның автокөлігіне отырмауға және құпия сөзді білмесе, онымен кетпеуге үйретіңіз.
- ✓ Балаңызға достарымен, қатарластарымен бірге жүру қауіпсіз екенін шегелеп айтып, түсіндіріңіз. Қылмыскер әрқашан қараусыз, жалғыз жүрген балаға назар аударады.
- ✓ Егер біреу балаңызды алуға тырысса, **«Бұл менің анам емес!»** немесе **«Бұл менің әкем емес!»** деп қатты айқайлау қажеттігін үйретіңіз. Бұл айналадағылардың назарын аударып, қылмыскерді үркітеді.
- ✓ Егер жоспарлары аяқ астынан өзгерсе, балаңызға қайда баратынын, қашан келетінін хабарлауды және телефон арқылы ескертуді үйретіңіз.



- ✓ Балаңызды бала бақшадан немесе мектептен өзіңіз алып кетіңіз. Егер оны алып кетуге басқа біреу баратын болса, бұл туралы тәрбиешіге немесе мектеп мұғаліміне алдын ала ескертіп қойыңыз.
- ✓ Күдікті қарайтын немесе жақындағысы көлетін бейтаныс адамнан қашуға, көмекке шақыруға дайын болу керектігін түсіндіріңіз.
- ✓ Егер бейтаныс адам қолдарынан ұстаса, қолдарына алса, көлікке кіргізсе, **«Бөгде адам, көмектесіңіз!»** деп қатты айқайлап, айналадағылардың назарын аудартуды үйретіңіз.
- ✓ Балаңыз өз басынан өткендердің барлығын жасырмай айтып беретіндей жайлы ата-ана болу керек. Сіздің әрқашан оны жақсы көретініңізге және ол жоғалып кетсе іздеуді ешқашан тоқтатпайтыныңызға балаңыз сенімді болуы керек. Балаңызбен түсіністік пен сенімге толы қарым-қатынас құра біліңіз. Көбіне, үйінде мейірімділік жетіспейтін балалар қайғылы жағдайларға ұрынып жатады.



Балаларға жол ережесін үйретейік!

(Ата - аналарға ақыл - кеңес)

Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі - ең басты байлық. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда жолда жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Статистика бойынша, өкінішке орай, жол апаттары көптеп болуда. Соның ішінде балалардың жол апатына душар болуы жоғары көрсеткішті көрсетеді.

Сол себепті балалардың өмірінің қауіпсіздігі дағдыларын мектепке дейінгі кезеңде қалыптастыру қажет. Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады.

Балалар жолда жүру заңын сіз бен бізден үйренеді. Балалар үлкендердің жүріс - тұрысының жақсы жағын да, жаман жағын да қабылдайды. Көп жағдайда балалар жолда жарақат алып, түрлі жағдайға ұшырап жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кінәсінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендіктен болады. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретіп, үнемі оған үлгі көрсетіп және жүріс - тұрысын қадағалап, балаларды көшеде болатын қауіпті жағдайлардан сақтандыру әрбір ата - ананың міндеті.

Мектеп және мектепке дейінгі мекемелерде балаларға арнап **«Жолда жүру ережесі»** тақырыбында оқу іс - әрекеттері және түрлі шаралар ұйымдастырылып өткізіледі. Сондықтан әрбір бала үйретілетін **«Жолда жүру ережесі»** тақырыбындағы іс - әрекетті мұқият тыңдап, өткізілген іс - әрекеттен қорытынды жасап отыруға міндетті. Балаларды жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында ойындар, әңгімелер, серуен кезіндегі ойын түрлері, конкурстар, сұрақ - жауаптарды кеңінен қолдану, балалардың жол ережесі туралы түсініктерінің қалыптастырады.

Ата - аналарға жол жүру ережесі туралы жадынама

1. Балаға тек қана жол жүру ережесін үйретіп қана қоймай, оларға ерте жастан бағдарлау мен байқауды да үйрету қажет. Тәртіп дағдысын қалыптастырудың негізгі тәсілі әсіресе ата – аналардың, ересектердің сол тәртіпті сақтауына мән беруіне байланысты. Көптеген ата - аналар мұны түсінбей өздерінің жеке қылықтарымен, балаларына кері тәрбие берді.
2. Баламен жол бөлігінен өтер кезде, асықпай жолдан баяу алдыммен өтіңіздер. Әйтпесе сіздер қауіпсіздікті сақтап жүру керек жерден, асығып – үсігіп жүруге үйретесіздер.
3. Баланың жолды сіздерден бұрын өтіп кетуіне немесе жүгіріп өтуіне жол бермеңіздер – бұнымен сіздер оны жолдан өткенде жан – жағына жалтақтап қарай бермеуге үйретесіздер. Кішкентай баланынан мықтап ұстаған жөн, қолын тартып алмау үшін мұқият болыңыз – ол сәтсіз жағдайға ұшыраудың нақты себептерінің бірі.
4. Баланы қарауға үйретіңіз. Балада қатаң дағды қалыптастыру керек: тротуардан алғашқы қадамын жасаған кезде, ол басын бұрып жолдың барлық бағыттарын қарап шығуы тиіс.
5. Баланы жолда жүріп келе жатқан көліктерді немесе мотоциклдарды байқамайды. Оны алыстағы көліктерге назар аударуға үйретіңіз.
6. Баланы келе жатқан көліктің бағытымен жылдамдығын ажырата білуге үйретіңіз. Баланы қай көліктің тура кететіндігін, қайсысы бұрылатындығын анықтауға үйретіңіз.
7. Көліктің қандай түрі болмасын ол тоқтап тұрған кезінде ғана шығуға және кіруге болатындығын балаға үйретіңіз. Балаға жүріп келе жатқан көліктен неге секіруге болмайтындығын үйретіңіз.